

## Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау қағидаларын бекіту туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 321 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 457 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.06.2015 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

«Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі Заңының 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2012 жылғы 12 наурыздағы  
№ 321 қаулысымен  
бекітілген

## Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау қағидалары

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленген және көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау тәртібін айқындайды.

2. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау осы Қағидалардың 1-қосымшасына орай «А», «В», «С», «Д», «Е» санаттарындағы көлік құралдарын жүргізушілерді даярлаудың үлгілік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. «А», «В», «С», «Д», «Е» санаттарындағы көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау медициналық куәландырудан өткен және көлік құралдарын басқару

тыйым салынатын медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ адамдар арасынан жүзеге асырылады.

## 2. Оқу процесін ұйымдастыру

4. Білім беру процесін ұйымдастыру оқу ұйымы дербес әзірлейтін және бекітетін әрбір пән бойынша оқу жоспарымен және бағдарламалармен, сондай-ақ көлік құралдарын жүргізушілерді даярлаудың кесте-жоспарымен, сабақ кестелерімен және жүргізуді үйрету кезектілігінің кестесімен регламенттеледі.

### 5 . О қ ы т у ұ й ы м ы :

1) өз құзыретіне жатқызылған функциялардың орындалуын;  
2) көлік құралын жүргізушілерді даярлаудың оқу жоспарына және жоспар-кестесіне сәйкес оқу бағдарламаларының толық көлемде іске асырылуын ;

3) оқитындарды даярлаудың жоғары сапасын;  
4) білім беру процесі кезінде оқитындардың, оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің және жүргізуді үйрету шеберлерінің өмірі мен денсаулығын с а қ т а у д ы ;

5) оқитындардың, оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің және жүргізуді үйрету шеберлерінің құқықтары мен бостандықтарын сақтауды;

6) көлік құралдарының техникалық жарамды күйде ұсталуын және жүргізуді үйрету шеберлерін рейс алдындағы медициналық тексерудің ұйымдастырылуын қ а м т а м а с ы з е т е д і .

6. Автомобильдердің техникалық жай-күйін тексеру және рейс алдындағы медициналық тексеруден өткізу жол парағында осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес көрсетіледі, ол меншік нысанына қарамастан, оқыту процесінде пайдаланылатын барлық үйрету көлік құралдарына күн сайын жазылады.

7. Оқыту ұйымдары Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

8. Оқитындарды қабылдау осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтініш және білім беру қызметін көрсету туралы шарттың негізінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес оқыту ұйымы бойынша бұйрықпен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

9. Адамдарды оқуға қабылдау мынадай құжаттарды ұсынғаннан кейін жү р г і з і л е д і :

1 ) ө т і н і ш ;

2) тиісті көлік құралын жүргізуге жарамдылығы туралы медициналық а н ы қ т а м а ;

3) 3,5 х 4,5 өлшемдегі екі фотосурет;

4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жүргізуші куәлігінің көшірмесі (жүргізушінің жұмыс өтілін растау, қосымша санатты көлік құралын басқару құқығын алу қажеттілігі кезінде ұ с ы н ы л а д ы ) .

10. Оқитындарды даярлап шығару осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес оқыту ұйымының бұйрығымен ресімделеді.

11. Көлік құралын жүргізушілерді даярлау және қайта даярлау жөніндегі оқу топтары 15-тен 30-ға дейін адамнан тұрады.

12. Оқу жоспарлары мен оқыту бағдарламаларының орындалуын бақылауды ұйымдастыру мақсатында сабақ басталғаннан кейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей оқыту ұйымы оқитындардың тізімін осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес белгіленген нысанда ұсына отырып, әрбір оқу тобын ішкі істер органдары жол полициясының тіркеу-емтихан бөлімшесінде тіркейді.

13. Біліктілік емтихандарын қабылдауды ретке келтіру және оқитындарды көлік құралдарын жүргізу құқығынан айырылған жүргізушілердің деректер базалары бойынша алдын ала тексеру мақсатында оқыту ұйымдары оқу аяқталуға дейін кемінде 30 жұмыс күні бұрын ішкі істер органдары жол полициясының тіркеу-емтихан бөлімшесіне әрбір оқу тобындағы оқитындар тізімін және оқу аяқталатын күнді көрсете отырып, біліктілік емтихандарын қабылдау туралы өтінім жібереді.

14. Теориялық, зертханалық-практикалық, практикалық және бақылау сабақтары оқытудың негізгі нысандары болып табылады.

Әрбір пән бойынша теориялық сабақтар, әдетте, күніне екі сағаттан, ал зертханалық-практикалық сабақтар 6 сағаттан аспайтындай етіп жоспарлануы тиіс. Бір күн ішінде автомобиль жүргізуді бір үйренушіге автотренажерда - бір сағаттан аспайтын, «Колоннада жүру» жаттығуын, сондай-ақ төрт сағат ішінде пысықталатын жүк тасымалдаумен байланысты жаттығуларды қоспағанда, үйрету автомобилінде екі сағаттан аспайтын уақыт пысықтап, үйретуге рұқсат е т і л е д і .

15. Теориялық және зертханалық-практикалық оқу сабағының ұзақтығы – 45 минут, міндеттерді белгілеу, қорытынды шығару, құжаттама ресімдеу және оқитындарды ауыстыру уақытын қоса алғанда, автомобиль жүргізу жөніндегі практикалық сабақтардың ұзақтығы – 60 минут. 90 минут ішінде үзіліссіз зертханалық-практикалық сабақ өткізуге жол беріледі. Оқу уақытының ұзақтығы жұмыс күндері 4 сағаттан, демалыс алдындағы және демалыс күндері - 6 сағаттан а с п а у ы т и і с .

16. Теориялық сабақтарды оқытушы, ал автомобиль құрылғылары мен оған техникалық қызмет көрсету бойынша зертханалық-практикалық сабақтарды оқытушы өндірістік үйрету шеберімен бірлесіп өткізеді, автомобильді жүргізу

бойынша практикалық сабақтарды көлік жүргізуге үйрету шебері оқитын әрі адаммен жеке жүргізеді. Автомобиль құрылғылары мен оған техникалық қызмет көрсету және жол-көлік оқиғасында зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету бойынша зертханалық-практикалық сабақтар бір немесе бірнеше тақырып бойынша тиісті теориялық материалды оқып үйренгеннен кейін жүргізіледі.

17. Теориялық сабақтар оқу тобының құрамында арнайы жабдықталған сыныптарда (кабинеттерде) жүргізіледі.

18. Зертханалық-практикалық сабақтар автомобиль құрылғылары мен оған техникалық қызмет көрсету жөніндегі зертханаларда өткізіледі.

19. Практикалық жүргізу сабақтары әрбір оқитынмен жеке автотренажерларда, автодромдарда (жүргізіп үйренуге арналған алаңдарда) және осы аумаққа қызмет көрсететін ішкі істер органдарының жол полициясы бөлімшесімен келісілген (кемінде 3 жылда 1 рет) үйрету бағыттарында өткізіледі.

20. Жол қозғалысы ережелері бойынша сабақтар өткізуді автомобильді практикалық жүргізу басталғанға дейін жоспарлау қажет.

21. Сабақ өткізу үшін сабақ өткізу жоспары болуға тиіс, онда тақырыптың атауы, мақсаттары, оқу сұрақтары, оқу уақытының есебі, оқу-көрнекі құралдары мен оқытудың техникалық құралдарын пайдаланудың тәртібі, оқытушының, өндірістік үйрету шеберінің, жүргізуді үйрету шеберінің және оқитын адамдардың іс-әрекеттері, өзіндік даярлану тапсырмалары көзделеді.

22. Жүргізуге үйрету шеберінің сабақ өткізу кезінде жүргізуші куәлігі, көлік құралын тіркеу туралы куәлігі, жол парағы, жүргізу кезегінің кестесі, жаттығу бағыттарының схемасы, осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес оқитынды жүргізуге үйретуді есепке алудың жеке кітапшасы болуы тиіс.

23. Өткен материалды білуін тексеруді сабақ өткізу барысында сабақты есепке алу журналына, автокөлік құралдарын жүргізуге үйретуді есепке алудың жеке кітапшасына баға қою арқылы оқытушы, өндірістік үйрету шебері жүзеге асырады. Теориялық сабақтар өткізу кезінде кемінде 4 адамнан сабақ сұралуға тиіс, ал зертханалық-практикалық сабақтар барысында әрбір оқитынға баға қ о й ы л а д ы .

24. Оқытушының, өндірістік үйрету шеберінің және жүргізуді үйрету шеберінің сабақтарды өткізуінің сапасын бақылауды оқыту ұйымының басшысы сабақтарды есеп алу журналындағы жазбалар арқылы жүзеге асырады.

25. Оқу материалын меңгеру сапасын анықтау және оқитындардың білімін бағалау үшін қорытынды сабақтар өткізіледі. Қорытынды сабақтардың нәтижелері бойынша әрбір оқитынның және жалпы оқу тобының қорытынды аттестацияға дайындығы айқындалады. Барлық оқу пәндері бойынша оң баға алған оқитындар қорытынды аттестацияға жіберіледі.

26. Қорытынды аттестация оқу мерзімі өткеннен кейін оқитындардың білім

деңгейінің оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкестігін анықтау үшін өткізіледі.

27. Қорытынды аттестация: автомобиль құрылғылары мен оған техникалық қызмет көрсету; Жол қозғалысы ережелері, қозғалыс қауіпсіздігі мен жол-көлік оқиғасында зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету негіздері; автомобильді практикалық жүргізу бойынша емтихандар қабылдау түрінде өткізіледі.

28. Қорытынды аттестация өткізу үшін оқыту ұйымы басшысының бұйрығымен комиссия төрағасын қоса алғанда, құрамында кемінде үш адам болатын емтихан комиссиясы құрылады. Комиссия құрамына өзге де оқыту ұйымдарының өкілдері мен ішкі істер органдары жол полициясының қызметкерлері енгізілуі мүмкін. Автомобиль көлігі саласында жоғары білімі бар адам комиссия төрағасы болып тағайындалады.

29. Теориялық емтихандарды тапсыра алмаған оқитындар практикалық жүргізу емтиханын тапсыруға жіберілмейді.

30. Қорытынды аттестацияның теориялық және практикалық емтихандары көлік құралын басқару құқығын алу үшін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен емтихандар өткізуге ұқсас жүргізіледі.

31. Қорытынды аттестацияда дәлелді себептермен (сырқаттану, іссапар) емтихан тапсыра алмаған оқитындар оларды кезекті топтармен бірге тапсыруға, ал қанағаттанғысыз баға алғандар қосымша өзіндік дайындықтан кейін, бірақ қорытынды аттестация емтихандары өткізілген күннен бастап кемінде 5 жұмыс күні өткен соң қайта емтихан тапсыруға жіберіледі.

32. Қорытынды аттестация нәтижелері осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес хаттамамен ресімделеді, оған емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері, оқыту ұйымының басшысы қол қояды және оқыту ұйымының мөрімен бекітіледі.

33. Қорытынды аттестациядан өткен оқитындарға оқыту ұйымы осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес курсты бітіргені туралы куәліктер береді.

34. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау бағдарламалары бойынша оқу курстарын бітіргені туралы куәліктер осы көлік құралдарын басқаруға құқық беретін құжат болып табылмайды, ол көлік құралдарының тиісті санаттарын басқару құқығына жүргізуші куәлігін алу үшін емтихандар тапсыру кезінде ішкі істер органдары жол полициясының тіркеу-емтихан бөлімшесіне ұсынылады.

35. Куәлік жоғалған жағдайда оқыту ұйымы жазбаша өтініш және емтихан комиссиясының хаттамасы негізінде өтініш берілген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде «Телнұсқа» береді.

36. Оқу курстарын бітіргені туралы куәліктер қатаң есептегі құжаттар болып табылады, олардың сериясы және баспаханалық реттік нөмірі болады. Оқу

бітіргені туралы куәліктің қолданылу мерзімі жүргізуші куәлігін алған кезде а я қ т а л а д ы .

37. Ішкі істер органдарының жол полициясы оқыту ұйымдарын есепке алуды жүзеге асырады, біліктілік емтихандарын өткізу барысында даярлау сапасын а н ы қ т а й д ы .

38. Оқыту ұйымына тікелей басшылық жасау басшыға (директорға, бастыққа) жүктеледі.

### 3. Оқу-материалдық база

39. Оқыту ұйымдары :

- 1) әдістемелік кабинетпен;
- 2) көлік құралдары құрылғыларының сыныбымен;
- 3) көлік құралдарын пайдалану сыныбымен;
- 4) Жол қозғалысы ережелері сыныбымен;
- 5) қозғалыс қауіпсіздігі сыныбымен;
- 6) медициналық даярлық сыныбымен;
- 7) еңбекті қорғау сыныбымен;
- 8) көлік құралдарының құрылғылары жөніндегі зертханамен;
- 9) көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету жөніндегі зертханамен;
- 10) автотренажерлар сыныбымен;
- 11) үйрету көлік құралдарымен жарақталады.

40. Оқу сыныптарының, зертханалардың саны және мазмұны тиісті оқу жоспарлары мен бағдарламаларының талаптары негізге алынып айқындалады.

41. Көлік құралдарының құрылғылары сыныбын көлік құралдарын пайдалану сыныбымен және еңбекті қорғау сыныбымен біріктіруге, ал Жол қозғалысы ережелері сыныбын қозғалыс қауіпсіздігі мен медициналық дайындық сыныбымен біріктіруге жол беріледі.

42. «А» және «В» санаттарындағы көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау кезінде құрылғылар мен техникалық қызмет көрсету, Жол қозғалысы ережелері, қозғалыс қауіпсіздігі және медициналық дайындық сыныптарын біріктіруге жол б е р і л е д і .

43. Теориялық сабақ өткізуге арналған сыныптарда (кабинеттерде) оқытушының жұмыс орны, сынып тақтасы, бір мезгілде 30 адамға дейін отырғызу есебімен үстелдер мен орындықтар және жекелеген бөлшектерді көрсетуге арналған шолу үстелі болуы тиіс.

44. Жабдықты, макеттерді, стенділер мен қалқандарды орналастыру қауіпсіздік талаптары сақтала отырып, жүргізілуге және еңбектің қорғалуын қамтамасыз етуге тиіс. Орнатылатын оқу жабдығы толықтай анық көрінетін,

пайдалану үшін ыңғайлы болуы тиіс.

45. Зертханаларда жабдықталған оқу орындары болуы тиіс. Әрбір оқу орны жұмыс үстелімен, оқу жабдығымен, құрал-сайман жинағымен, аспаптармен және құрылғылармен, оқу құжаттамасымен (тапсырманы орындау жоспарымен, еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықпен, нұсқау-технологиялық картамен, оқу жабдығы мен құрал-саймандар тізімдемесімен) жабдықталуға тиіс.

46. Оқу орындары мен жабдықтарды орналастыру еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі талаптары ескеріле отырып, жүргізілуі тиіс. Ірі агрегаттар мен механизмдер тұғырға бекітіледі. Қолданыстағы автомобильдер (автобустар) және қозғалтқыштар орналастырылған жағдайда зертхана (сынып) газды сыртқа шығару үшін желдеткішпен және құбырмен жабдықталады. Стенділерге орнатылған қозғалтқыштарға отын беру үй-жайдан тыс орналастырылған бактардан жүргізілуі тиіс.

Оқу құжаттамасы жұмыс үстелінде орналасқан рамаларға орналастырылады.

47. Үйрету көлік құралдарында «Үйрету көлік құралы» деген айырым белгісі, оқитынға арналған қосымша артқы көрініс айнасы мен қосымша ілініс және тежегіш педальдары болуға тиіс.

#### **4. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі қызметті бақылау**

48. Оқыту ұйымдарының қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан олардың қызметін мемлекеттік бақылау «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау қағидаларына 1-қосымша

#### **Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлаудың үлгі бағдарламалары «А» санаттағы көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау бағдарламасы Оқу жоспары**

Р/с №	Пәндер	Сағат саны		
		Барлығы	оның ішінде	
			теориялық	практикалық (зертханалық-практикалық)

1	Құрылымы және техникалық қызмет көрсету	9	8	1
2	Жол қозғалысы ережелері	106	70	36
3	Көлік құралын басқару негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі	34	34	–
4	Алғашқы медициналық көмек көрсету	14	6	8
	<b>ЖИЫНЫ:</b>	163	118	45
	Консультациялар	4	4	-
	Емтихандар:			
1	«Құрылымы және техникалық қызмет көрсету»	12	12	
2	«Жол қозғалысы ережелері. Көлік құралын басқару негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі»	12	12	
3	Мотоцикл жүргізу*			
	Сынақ:			
1	«Алғашқы медициналық көмек көрсету»	1	1	
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	192	147	45
	Мотоцикл жүргізу**	16		

\* Оқыту ұйымында мотоцикл жүргізу жөніндегі емтихан жүргізуге бөлінген сағат есебінен өткізіледі.

\*\* Жүргізу оқу уақытынан тыс жүргізіледі.

### **«Құрылымы және техникалық қызмет көрсету» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы Тақырыптық жоспар**

Р/с №	Бөлімдер мен тақырыптар атауы	Сағат саны
1	Мотокөлік құралдарының жіктелуі және мотоциклдің жалпы құрылымы	1
1-бөлім. Қозғалтқыш		
2	Қозғалтқыштың жалпы құрылымы және жұмысы. Қозғалтқышты салқындату және майлау жүйесі	1
3	Отын және жанатын қосынды. Қоректендіру жүйесі. Қозғалтқыштың механизмдері мен жүйелеріне қызмет көрсету.	1
2-бөлім. Электр жабдығы		
4	Тоқ көздері. Оталу жүйесі	1
5	Жарық беру және сигнализация аспаптары	1
	Электр жабдығына қызмет көрсету	
3-бөлім. Трансмиссия		
6	Трансмиссияның құрылымы мен жұмысы	1
	Трансмиссияға қызмет көрсету	



4-бөлім. Салмақ түсетін жүйе. Жүріс бөлігі. Басқару органдары.

7	Мотоцикл рамасының, бүйір тіркемесінің шанағы рамасының құрылымы	1
8	Жүріс бөлігінің құрылымы және жұмысы Басқару органдарының құрылымы мен жұмысы	1
9	Салмақ түсіретін жүйеге, жүріс бөлігіне және басқару органдарына қызмет көрсету Мотоциклді қыста, жазда және жұмыс істетіп төселту кезеңінде пайдалану ерекшеліктері	1
	БАРЛЫҒЫ:	9

\* Тақырыпты пысықтау практикалық (зертханалық-практикалық) сабақта жүргізіледі.

### «Жол қозғалысы ережелері» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы Тақырыптық жоспар

Р/с №	Сабақтардың бөлімдері және тақырыптарының атаулары	Сағат саны		
		Барлығы	теориялық сабақ	практикалық сабақ
1-бөлім. Жол қозғалысы ережелері				
1	Жалпы ережелер. Негізгі ұғымдар мен терминдер. Жүргізушілердің, жаяу жүргіншілердің және жолаушылардың міндеттері	4	4	
2	Жол белгілері	12	12	
3	Жол таңбалары және олардың сипаттамалары	4	4	
	1-3 тақырыптар бойынша практикалық сабақ	10		10
4	Қозғалыс тәртібі. Көлік құралының аялдауы және тұрақтауы	8	8	
5	Жол қозғалысын реттеу 4-5 тақырыптар бойынша практикалық сабақтар	4 12	4	12
6	Жол қиылысынан өту	12	12	
7	Жаяу жүргіншілер өтетін жерден, бағыттағы көлік құралдарының аялдамасынан және теміржол өтпелерінен өту	4	4	
	6-7 тақырыптар бойынша практикалық сабақтар	14		14
8	Қозғалыстың ерекше шарттары	4	4	-
9	Адамдар мен жүктерді тасымалдау	2	2	-
10	Көлік құралдарының техникалық жай-күйі мен жабдықтары	4	4	

11	Нөмірлік, тану белгілері, ескерту белгілері, жазулар және белгіленулер	2	2	
2-бөлім. Жүргізушінің құқықтық жауапкершілігі				
12	Әкімшілік жауапкершілік	2	2	-
13	Қылмыстық жауапкершілік	2	2	-
14	Азаматтық жауапкершілік	2	2	-
15	Табиғатты қорғаудың құқықтық негіздері	2	2	-
16	Көлік құралына меншік құқығы	1	1	
17	Жүргізушіні және көлік құралын сақтандыру	1	1	
	БАРЛЫҒЫ:	106	70	36

### **«Көлік құралын басқару негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы Тақырыптық жоспар**

Р/с №	Тақырыптардың атауы	Сағат саны
1	Көлік құралын басқару техникасы	2
2	Жол қозғалысы. Оның тиімділігі және қауіпсіздігі	2
3	Жүргізушінің кәсіби сенімділігі	2
4	Жүргізушінің психофизикалық және психикалық қасиеті	2
5	Көлік құралдарын пайдалану көрсеткіштері	2
6	Қозғалыстың штаттағы және штаттан тыс режимдегі (дағдарысты) жүргізушінің іс-әрекеттері	12
7	Жол жағдайы мен қозғалыс қауіпсіздігі	6
8	Жол-көлік оқиғалары	6
	БАРЛЫҒЫ:	34

### **«Алғашқы медициналық көмек көрсету» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы Тақырыптық жоспар**

Р/с №	Сабақ тақырыптарының атауы	Сағат саны		
		Барлығы	теориялық сабақтар	практикалық сабақтар
1	Адам анатомиясы және физиологиясы	0.5	0.5	
2	Жол-көлік жарақатының құрылымы. ЖКО кезінде жиі кездесетін зақымдар және оларды диагностикалау тәсілдері	0.5	0.5	

3	Механикалық және термиялық зақымдану кезінде өмірге қауіп төндіретін жай-күй	1	1	
4	Авария кезіндегі психикалық реакциялар. Жіті психоз. Есеңгіреген күйдегі зардап шеккендерге көмек көрсету ерекшеліктері	1	1	
5	Термиялық зақымдану	1	1	
6	Жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендерге көмек көрсетудің ұйымдастыру-құқықтық аспектілері	1	1	
7	Өмірге қауіп төндіретін жіті терапиялық жай-күй	1	1	
8	ЖКО-да зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету кезінде жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу, асфикцияны жою	2		2
9	Сыртқы қансырауды тоқтату	1		1
10	Көлік иммобилизациясы	2		2
11	Зардап шеккендерді машинадан босату, сыртқа шығару әдістері, оларды тасымалдау, көлікке салу	1		1
12	Жарақатты өңдеу, десмургия	1		1
13	Жеке дәрі қобдишасын пайдалану	1		1
	БАРЛЫҒЫ:	14	6	8

## «Мотоцикл жүргізу» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы

### Тақырыптық жоспар

Р/с №	Тақырыптардың атауы	Сағат саны
1	Бастапқы оқыту	6
2	Шектеулі өткелдерде жүргізу	7
3	Жолдармен жүргізу	2
	емтихан	1
	БАРЛЫҒЫ:	16

## «В» санатындағы көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі бағдарлама Оқу жоспары

		Сағат саны
		Оның ішінде

Р/с №	Пәндер	Барлығы	теориялық	практикалық ( зертханалық-практикалық )
1	Құрылымы және техникалық қызмет көрсету	11	9	2
2	Жол қозғалысы ережелері	110	68	42
3	Көлік құралдарын басқару негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі	62	62	
4	Алғашқы медициналық көмек көрсету	14	6	8
	<b>ЖИЫНЫ</b>	197	145	52
	Консультациялар	6	6	-
	Емтихандар:			
1	«Құрылымы және техникалық қызмет көрсету»	12	12	
2	«Жол қозғалысы ережелері. Көлік құралын басқару негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі»	12	12	
3	Автомобиль жүргізу*			
	Сынақ:			
1	«Алғашқы медициналық көмек көрсету»	1	1	
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	228	176	52
	Автомобиль жүргізу**	50		

\* Автомобиль жүргізу жөніндегі емтихан автомобиль жүргізуге бөлінген сағат е с е б і н е н ө т к і з і л е д і .

\*\* Жүргізу оқу уақытынан тыс 50 сағат көлемінде жүргізіледі, оның ішінде 6 сағат – автотренажерда өткізіледі. Автотренажер болмаған жағдайда 50 сағат – автокөлікте өткізіледі.

### **«Құрылымы және техникалық қызмет көрсету» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы Тақырыптық жоспар**

Р/с №	Бөлімдер мен тақырыптар атауы	Сағат саны
1	Кіріспе. Жеңіл автомобильдің жалпы құрылымы	1
1-бөлім. Қозғалтқыш		
2	Қозғалтқыштың жалпы құрылымы мен жұмысы	1
3	М а й л а у ж ү й е с і Қоректендіру жүйесі	1
2-бөлім. Электр жабдығы		
4	Электр энергиясының көздері мен тұтынушылары	1
	Қозғалтқышты оталдыру жүйесі	

3-бөлім. Трансмиссия		
5	Трансмиссияның жалпы құрылымы және қолданылуы	1
6	Ілініс	1
4-бөлім. Салмақ түсетін жүйе		
7	Алдыңғы және артқы аспалар	1
5-бөлім. Автомобильді басқару жүйесі		
8	Тежегіш жүйесі	1
9	Рульмен басқару жүйесі	1
6-бөлім. Техникалық қызмет көрсетудің негіздері		
10	Автомобильге техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындаудың түрлері, кезеңдері және тәртібі	1
11	Ұсақ пайдаланушылық ақаулардың белгілері, оларды жою*	1
	ЖИЫНЫ:	11

\*Бұл тақырып практикалық сабақтағы үйрету автомобилінде оқытылады.

## «Жол қозғалысы ережелері» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы Тақырыптық жоспар

Р/с №	Сабақтардың бөлімдері және тақырыптарының атаулары	Барлығы	Сағат саны	
			теориялық сабақ	практикалық сабақ
1-бөлім. Жол қозғалысы ережелері				
1	Жалпы ережелер. Негізгі ұғымдар мен терминдер. Жүргізушілердің, жаяу жүргіншілердің және жолаушылардың міндеттері	4	4	
2	Жол белгілері	12	12	
3	Жол таңбалары және олардың сипаттамалары	2	2	
	1-3 тақырыптар бойынша практикалық сабақ	10		10
4	Қозғалыс тәртібі. Көлік құралының аялдауы және тұрақтауы	8	8	
5	Жол қозғалысын реттеу 4-5 тақырыптар бойынша практикалық сабақтар	4 12	4	12
6	Жол қиылысынан өту	12	12	
7	Жаяу жүргіншілер өтетін жерден, бағыттағы көлік құралдарының аялдамасынан және теміржол өтпелерінен өту	4	4	
	6-7 тақырыптар бойынша практикалық сабақтар	20		20

8	Қозғалыстың ерекше шарттары	4	4	
9	Адамдар мен жүктерді тасымалдау	2	2	-
10	Көлік құралдарының техникалық жай-күйі мен жабдықтары	4	4	
11	Нөмірлік, тану белгілері, ескерту белгілері, жазулар және белгіленулер	2	2	
2-бөлім. Жүргізушінің құқықтық жауапкершілігі				
12	Әкімшілік жауапкершілік	2	2	-
13	Қылмыстық жауапкершілік	2	2	-
14	Азаматтық жауапкершілік	2	2	-
15	Табиғатты қорғаудың құқықтық негіздері	2	2	-
16	Көлік құралына меншік құқығы	1	1	
17	Жүргізушіні және көлік құралын сақтандыру	1	1	
	БАРЛЫҒЫ:	110	68	42

**«Көлік құралын басқару негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі» пәнінің тақырыптық жоспары және бағдарламасы Тақырыптық жоспар**

Р/с №	Тақырыптардың атауы	Сағат саны
1	Көлік құралын басқару техникасы	8
2	Жол қозғалысы. Оның тиімділігі және қауіпсіздігі	6
3	Жүргізушінің кәсіби сенімділігі	4
4	Жүргізушінің психофизикалық және психикалық қасиеті	6
5	Көлік құралдарын пайдалану көрсеткіштері	4
6	Қозғалыстың штаттағы және штаттан тыс режимдегі (дағдарысты) жүргізушінің іс-әрекеттері	18
7	Жол жағдайы мен қозғалыс қауіпсіздігі	8
8	Жол-көлік оқиғалары	8
	БАРЛЫҒЫ:	62

**«Алғашқы медициналық көмек көрсету» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы Тақырыптық жоспар**

		Сағат саны

Р/с №	Сабақ тақырыптарының атауы	Барлығы	теориялық сабақтар	практикалық сабақтар
1	Адам анатомиясы және физиологиясы	0.5	0.5	
2	Жол-көлік жарақатының құрылымы. ЖКО кезінде жиі кездесетін зақымдар және оларды диагностикалау тәсілдері	0.5	0.5	
3	Механикалық және термиялық зақымдану кезінде өмірге қауіп төндіретін жай-күй	1	1	
4	Авария кезіндегі психикалық реакциялар. Жіті психоз. Есенгіреген күйдегі зардап шеккендерге көмек көрсету ерекшеліктері	1	1	
5	Термиялық зақымдану	1	1	
6	Жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендерге көмек көрсетудің ұйымдастыру-құқықтық аспектілері	1	1	
7	Өмірге қауіп төндіретін жіті терапиялық жай-күй	1	1	
8	ЖКО-да зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету кезінде жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу, асфикцияны жою	2		2
9	Сыртқы қансырауды тоқтату	1		1
10	Көлік иммобилизациясы	2		2
11	Зардап шеккендерді машинадан босату, сыртқа шығару әдістері, оларды тасымалдау, көлікке салу	1		1
12	Жарақатты өңдеу, десмургия	1		1
13	Жеке дәрі қобдишасын пайдалану	1		1
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>14</b>	<b>6</b>	<b>8</b>

## **«Автомобиль жүргізу» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы**

### **Тақырыптық жоспар**

Р/с №	Тақырыптар мен тапсырмалардың атауы	Сағат саны
1-тақырып. Бастапқы оқыту		
1	Отырғызу. Басқару органдарымен және сигнализация аспаптарымен әрекет ету тәсілдері	1
2	Автомобильдерді басқару тәсілдері	2
3	Берілісті қосу арқылы қозғалу	3
4	Үдету және азайту тәртібінде берілісті қосу арқылы қозғалу	3

5	Бағытты өзгерту арқылы қозғалу	3
	ЖИЫНЫ:	12
2-тақырып. Шектеулі жүріп өтудегі жүргізу		
6	«Белгіленген орынға» тоқтау, бұрылу	2
7	Шектеулі жүріп өтуде маневр жасау	2
8	Күрделі маневр жасау	2
	ЖИЫНЫ:	6
	№ 1 бақылау сабағы	0,5
3-тақырып. Оқу бағыттары бойынша жүргізу		
9	Қозғалыстың қарқындылығы аз бағыттар бойынша жүргізу	8
10	Қозғалыстың қарқындылығы жоғары бағыттар бойынша жүргізу	8
	ЖИЫНЫ:	16
	№ 2 бақылау сабағы	1
4-тақырып. Автомобильді басқару дағдыларын жетілдіру		
11	Жолдың әртүрлі жағдайында автомобиль жүргізудің дағдыларын жетілдіру	12
	Емтихандар:	2,5
	БАРЛЫҒЫ:	50

### **«С» санатындағы көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі бағдарлама Оқу жоспары**

Р/с №	Пәндер	Сағат саны		
		Барлығы	оның ішінде	
			теориялық	практикалық ( зертханалық-практикалық )
1	Құрылымы және техникалық қызмет көрсету	73	59	14
2	Жол қозғалысы ережелері	110	62	42
3	Көлік құралын басқару негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі	77	77	7
4	Алғашқы медициналық көмек көрсету	14	6	8
	ЖИЫНЫ:	274	210	64
	Консультациялар	12	12	-
	Емтихандар:			
1	«Құрылымы және техникалық қызмет көрсету»	12	12	
2	«Жол қозғалысы ережелері. Көлік құралын басқару негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі»	12	12	



3	Автомобиль жүргізу*			
	Сынақ:			
1	«Алғашқы медициналық көмек көрсету»	1	1	
	БАРЛЫҒЫ:	311	247	64
	Автомобиль жүргізу**	70		

\* Автомобиль жүргізу жөніндегі емтихан автомобиль жүргізуге бөлінген сағат е с е б і н е н ө т к і з і л е д і .

\*\* Жүргізу оқу уақытынан тыс 70 сағат көлемінде жүргізіледі, оның ішінде 6 сағат – автотренажерда өткізіледі. Автотренажер болмаған жағдайда 70 сағат автокөлікте өткізіледі.

### **«Құрылымы және техникалық қызмет көрсету» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы Тақырыптық жоспар**

Р/с №	Бөлімдер мен тақырыптардың атауы	Сағат саны
1-бөлім. Кіріспе		
1	Автокөлікті жіктеу және жалпы құрылымы	1
2-бөлім. Қозғалтқыш		
2	Қозғалтқыштың жалпы құрылымы мен жұмысы Кривошип-шатунды механизм	2
3	Газ бөлу механизмі	2
4	С у ы т у ж ү й е с і Майлау жүйесі	2
5	Қоректендіру жүйесі	2
6	Карбюраторлі қозғалтқыштың қоректендіру жүйесі	4
7	Дизельді қозғалтқыштың қоректендіру жүйесі	2
8	Газбаллондағы автомобиль қозғалтқышын қоректендіру жүйесі	6
9	Төмен температурада қозғалтқыштың қосылуы	2
3-бөлім. Электр жабдықтары		
10	Автомобильдің электр жабдығы бойынша негізгі мәліметтері	2
11	Аккумулятор батареялары	2
12	Генератор және реле-реттеуші	2
13	Стартер. Көмекші электр қозғалтқыштары	2
14	Жарықтандыру жүйесі. Жарық және дыбыс сигнализациясы	2
15	Оталдыру жүйесі	4

4-бөлім. Трансмиссия		
16	Трансмиссияның жалпы құрылымы және мақсаты	1
17	Ілініс	2
18	Беріліс қорабы, тарату қорабы, қуатты іріктеу қорабы	2
19	Карданды беріліс және негізгі беріліс. Жетекші белдіктер	2
5-бөлім. Салмақ түсетін жүйе		
20	Шанақ. Автомобильдің жүріс бөлігі. Алдыңғы және артқы аспалар	2
6-бөлім. Автокөлікті басқару жүйесі		
21	Тежеуіш жүйесі	6
22	Рөлмен басқару жүйесі	4
7-бөлім. Техникалық қызмет көрсетудің негіздері		
23	Пайдалану материалдары және олардың жұмсалыу нормасы	1
24	Автомобильді пайдалану кезіндегі еңбек қауіпсіздігі. Қоршаған ортаны қорғау	2
25	Бақылап тексеру және автомобильге күнделікті қызмет көрсету*	2
26	№ 1, № 2 техникалық қызмет көрсету және маусымдық қызмет көрсету	2
27	Ұсақ пайдалану ақауларының белгілері және оларды жою	8
28	Автомобиль жұмысының көрсеткіштері	2
	БАРЛЫҒЫ:	73

\*Бұл тақырыптар үйрету автомобилінде практикалық ( зертханалық-практикалық) сабақтарда оқытылады.

## **«Жол қозғалысы ережелері» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы Тақырыптық жоспар**

Р/с №	Сабақтардың бөлімдері және тақырыптарының атаулары	Барлығы	Сағат саны	
			теориялық сабақ	практикалық сабақ
1-бөлім. Жол қозғалысы ережелері				
1	Жалпы ережелер. Негізгі ұғымдар мен терминдер. Жүргізушілердің, жаяу жүргіншілердің және жолаушылардың міндеттері	4	4	
2	Жол белгілері	12	12	
3	Жол таңбалары және олардың сипаттамалары	2	2	
	1-3 тақырыптар бойынша практикалық сабақ	10		10

4	Қозғалыс тәртібі. Көлік құралының аялдауы және тұрақтауы	8	8	
5	Жол қозғалысын реттеу 4-5 тақырыптар бойынша практикалық сабақтар	4 12	4	- 12
6	Жол қиылысынан өту	12	12	
7	Жаяу жүргіншілер өтетін жерден, бағыттағы көлік құралдарының аялдасуынан және теміржол өтпелерінен өту	4	4	
	6-7 тақырыптар бойынша практикалық сабақтар	20		20
8	Қозғалыстың ерекше шарттары	4	4	-
9	Адамдар мен жүктерді тасымалдау	2	2	-
10	Көлік құралдарының техникалық жай-күйі мен жабдықтары	4	4	
11	Нөмірлік, тану белгілері, ескерту белгілері, жазулар және белгіленулер	2	2	
<b>2-бөлім. Жүргізушінің құқықтық жауапкершілігі</b>				
12	Әкімшілік жауапкершілік	2	2	-
13	Қылмыстық жауапкершілік	2	2	-
14	Азаматтық жауапкершілік	2	2	-
15	Табиғатты қорғаудың құқықтық негіздері	2	2	-
16	Көлік құралына меншік құқығы	1	1	
17	Жүргізушіні және көлік құралын сақтандыру	1	1	
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	110	68	42

### **«Көлік құралын басқару негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы Тақырыптық жоспар**

Р/с №	Тақырыптардың атауы	Сағат саны
1	Көлік құралын басқару техникасы	10
2	Жол қозғалысы. Оның тиімділігі және қауіпсіздігі	8
3	Жүргізушінің кәсіби сенімділігі	6
4	Жүргізушінің психофизикалық және психикалық қасиеті	8

5	Көлік құралдарын пайдалану көрсеткіштері	5
6	Қозғалыстың штаттағы және штаттан тыс режимдегі (дағдарысты) жүргізушінің іс-әрекеттері	20
7	Жол жағдайы мен қозғалыс қауіпсіздігі	10
8	Жол-көлік оқиғалары	10
	БАРЛЫҒЫ:	77

## **«Алғашқы медициналық көмек көрсету» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы Тақырыптық жоспар**

Р/с №	Сабақ тақырыптарының атауы	Сағат саны		
		Барлығы	теориялық сабақтар	практикалық сабақтар
1	Адам анатомиясы және физиологиясы	0.5	0.5	
2	Жол-көлік жаракатының құрылымы. ЖКО кезінде жиі кездесетін зақымдар және оларды диагностикалау тәсілдері	0.5	0.5	
3	Механикалық және термиялық зақымдану кезінде өмірге қауіп төндіретін жай-күй	1	1	
4	Авария кезіндегі психикалық реакциялар. Жіті психоз. Есеңгіреген күйдегі зардап шеккендерге көмек көрсету ерекшеліктері	1	1	
5	Термиялық зақымдану	1	1	
6	Жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендерге көмек көрсетудің ұйымдастыру-құқықтық аспектілері	1	1	
7	Өмірге қауіп төндіретін жіті терапиялық жай-күй	1	1	
8	ЖКО-да зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету кезінде жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу, асфикцияны жою	2		2
9	Сыртқы қансырауды тоқтату	1		1
10	Көлік иммобилизациясы	2		2
11	Зардап шеккендерді машинадан босату, сыртқа шығару әдістері, оларды тасымалдау, көлікке салу	1		1
12	Жаракатты өңдеу, десмургия	1		1
13	Жеке дәрі қобдишасын пайдалану	1		1
	БАРЛЫҒЫ:	14	6	8

## **«Автомобиль жүргізу» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы**

### **Тақырыптық жоспар**

Р/с №	Тақырыптар мен тапсырмалардың атауы	Сағат саны
1-тақырып. Бастапқы оқыту		
1	Отырғызу. Басқару органдарымен және сигнализация аспаптарымен әрекет ету тәсілдері	1
2	Автомобильдерді басқару тәсілдері	1
3	Берілісті қосу арқылы қозғалу	3
4	Үдету және азайту тәртібінде берілісті қосу арқылы қозғалу	3
5	Бағытты өзгерту арқылы қозғалу	3
	<b>ЖИЫНЫ:</b>	11
2-тақырып. Шектеулі жүріп өтудегі жүргізу		
6	«Белгіленген орынға» тоқтау, бұрылу	2
7	Шектеулі жүріп өтуде маневр жасау	3
8	Күрделі маневр жасау	5
	<b>ЖИЫНЫ:</b>	10
	№1 бақылау сабағы	0,5
3-тақырып. Оқу бағыттары бойынша жүргізу		
9	Қозғалыстың қарқындылығы аз бағыттар бойынша жүргізу	14
10	Қозғалыстың қарқындылығы жоғары бағыттар бойынша жүргізу	18
	<b>ЖИЫНЫ:</b>	32
	№2 бақылау сабағы	0,5
4-тақырып. Автомобильді басқару дағдыларын жетілдіру		
11	Жолдың әртүрлі жағдайында автомобиль жүргізудің дағдыларын жетілдіру	15
	Емтихандар:	2,5
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	70

### **«В, С» санатындағы көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі бағдарлама Оқу жоспары**

Р/с №	Пәндер	Сағат саны		
		Барлығы	оның ішінде	
			теориялық	практикалық ( зертханалық-практикалық )

1	Құрылымы және техникалық қызмет көрсету	122	98	24
2	Жол қозғалысы ережелері	110	68	42
3	Көлік құралдарын басқару негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі	90	90	
4	Алғашқы медициналық көмек көрсету	14	6	8
	<b>ЖИЫНЫ</b>	336	262	74
	Консультациялар	12	12	
	Емтихандар:			
1	«Құрылымы және техникалық қызмет көрсету»	12	12	
2	«Жол қозғалысы ережелері. Көлік құралын басқару негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі»	12	12	
3	Автомобиль жүргізу*			
	Сынақ:			
1	«Алғашқы медициналық көмек көрсету»	1	1	
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	373	299	74
	Автомобиль жүргізу**	80		

\* Автомобиль жүргізу жөніндегі емтихан автомобиль жүргізуге бөлінген сағат е с е б і н е н ө т к і з і л е д і .

\*\* Жүргізу оқу уақытынан тыс 80 сағат көлемінде жүргізіледі, оның ішінде 8 сағат – автотренажерда өткізіледі. Автотренажер болмаған жағдайда 80 сағат автокөлікте өткізіледі.

### **«Құрылымы және техникалық қызмет көрсету» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы Тақырыптық жоспар**

Р/с №	Бөлімдер мен тақырыптардың атауы	Сағат саны
1-бөлім. Кіріспе		
1	Автокөлікті жіктеу және жалпы құрылымы	1
2-бөлім. Қозғалтқыш		
2	Қозғалтқыштың жалпы құрылымы мен жұмысы	2
3	Кривошип-шатунды механизм	2
4	Газ бөлу механизмі	2
5	С у ы т у ж ү й е с і Қоректендіру жүйесі	2
6	Майлау жүйесі	2
7	Қоректендіру жүйесі	2

8	Карбюраторлі қозғалтқыштың қоректендіру жүйесі	8
9	Дизельді қозғалтқыштың қоректендіру жүйесі	6
10	Газбаллондағы автомобиль қозғалтқышын қоректендіру жүйесі	8
11	Төмен температурада қозғалтқыштың қосылуы	2
3-бөлім. Электр жабдықтары		
12	Автомобильдің электр жабдығы бойынша негізгі мәліметтері	2
13	Аккумулятор батареялары	2
14	Генератор және реле-реттеуші	2
15	Стартер электр қозғалтқыштары	2
16	Жарықтандыру жүйесі. Көмекші жарық және дыбыстық сигнализациясы	2
17	Оталдыру жүйесі	4
4-бөлім. Трансмиссия		
18	Трансмиссияның жалпы құрылымы және мақсаты	3
19	Ілініс	4
20	Беріліс қорабы, тарату қорабы, қуатты іріктеу қорабы	2
21	Карданды беріліс және негізгі беріліс. Жетекші белдіктер	2
5-бөлім. Негізгі жүйе		
22	Шанак. Автомобильдің жүріс бөлігі.	2
23	Алдыңғы және артқы аспалар	2
6-бөлім. Автокөлікті басқару жүйесі		
24	Тежеуіш жүйесі	9
25	Рөлмен басқару жүйесі	7
7-бөлім. Техникалық қызмет көрсетудің негіздері		
26	Пайдалану материалдары және олардың жұмсалудың нормасы	2
27	Автомобильді пайдалану кезіндегі еңбек қауіпсіздігі. Қоршаған ортаны қорғау	4
28	Бақылап тексеру және автомобильге күнделікті қызмет көрсету*	6
29	№ 1, № 2 техникалық қызмет көрсету және маусымдық қызмет көрсету	6
30	Ұсақ пайдалану ақауларының белгілері және оларды жою	14
31	Автомобиль жұмысының көрсеткіштері	8
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>122</b>

## «Жол қозғалысы ережелері» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы Тақырыптық жоспар

Р/с №	Сабақтардың бөлімдері және тақырыптарының атаулары	Сағат саны		
		Барлығы	теориялық сабақ	практикалық сабақ
1-бөлім. Жол қозғалысы ережелері				
1	Жалпы ережелер. Негізгі ұғымдар мен терминдер. Жүргізушілердің, жаяу жүргіншілердің және жолаушылардың міндеттері	4	4	
2	Жол белгілері	12	12	
3	Жол таңбалары және олардың сипаттамалары	2	2	
	1-3 тақырыптар бойынша практикалық сабақ	10		10
4	Қозғалыс тәртібі. Көлік құралының аялдауы және тұрақтауы	8	8	
5	Жол қозғалысын реттеу 4-5 тақырыптар бойынша практикалық сабақтар	4 12	4	12
6	Жол қиылысынан өту	12	12	
7	Жаяу жүргіншілер өтетін жерден, бағыттағы көлік құралдарының аялдмасынан және теміржол өтпелерінен өту	4	4	
	6-7 тақырыптар бойынша практикалық сабақтар	20		20
8	Қозғалыстың ерекше шарттары	4	4	-
9	Адамдар мен жүктерді тасымалдау	2	2	-
10	Көлік құралдарының техникалық жай-күйі мен жабдықтары	4	4	
11	Нөмірлік, тану белгілері, ескерту белгілері, жазулар және белгіленулер	2	2	
2-бөлім. Жүргізушінің құқықтық жауапкершілігі				
12	Әкімшілік жауапкершілік	2	2	-
13	Қылмыстық жауапкершілік	2	2	-
14	Азаматтық жауапкершілік	2	2	-
15	Табиғатты қорғаудың құқықтық негіздері	2	2	-
16	Көлік құралына меншік құқығы	1	1	
17	Жүргізушіні және көлік құралын сақтандыру	1	1	



## «Көлік құралын басқару негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы Тақырыптық жоспар

Р/с №	Тақырыптардың атауы	Сағат саны
1	Көлік құралын басқару техникасы	14
2	Жол қозғалысы. Оның тиімділігі және қауіпсіздігі	8
3	Жүргізушінің кәсіби сенімділігі	8
4	Жүргізушінің психофизикалық және психикалық қасиеті	10
5	Көлік құралдарын пайдалану көрсеткіштері	6
6	Қозғалыстың штаттағы және штаттан тыс режимдегі (дағдарысты) жүргізушінің іс-әрекеттері	20
7	Жол жағдайы мен қозғалыс қауіпсіздігі	12
8	Жол-көлік оқиғалары	12
	БАРЛЫҒЫ:	90

## «Алғашқы медициналық көмек көрсету» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы Тақырыптық жоспар

Р/с №	Сабақ тақырыптарының атауы	Сағат саны		
		Барлығы	теориялық сабақтар	практикалық сабақтар
1	Адам анатомиясы және физиологиясы	0.5	0.5	
2	Жол-көлік жаракатының құрылымы. ЖКО кезінде жиі кездесетін зақымдар және оларды диагностикалау тәсілдері	0.5	0.5	
3	Механикалық және термиялық зақымдану кезінде өмірге қауіп төндіретін жай-күй	1	1	
4	Авария кезіндегі психикалық реакциялар. Жіті психоз. Есеңгіреген күйдегі зардап шеккендерге көмек көрсету ерекшеліктері	1	1	
5	Термиялық зақымдану	1	1	
6	Жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендерге көмек көрсетудің ұйымдастыру-құқықтық аспектілері	1	1	
7	Өмірге қауіп төндіретін жіті терапиялық жай-күй	1	1	

8	ЖКО-да зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету кезінде жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу, асфикцияны жою	2		2
9	Сыртқы қансырауды тоқтату	1		1
10	Көлік иммобилизациясы	2		2
11	Зардап шеккендерді машинадан босату, сыртқа шығару әдістері, оларды тасымалдау, көлікке салу	2		2
12	Жарақатты өңдеу, десмургия	1		1
13	Жеке дәрі қобдишасын пайдалану	1		1
	БАРЛЫҒЫ:	14	6	8

## «Автомобиль жүргізу» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы

### Тақырыптық жоспар

Р/с №	Тақырыптар мен тапсырмалардың атауы	Сағат саны
1-тақырып. Бастапқы оқыту		
1	Отырғызу. Басқару органдарымен және сигнализация аспаптарымен әрекет ету тәсілдері	2
2	Автомобильдерді басқару тәсілдері	2
3	Берілісті қосу арқылы қозғалу	2
4	Үдету және азайту тәртібінде берілісті қосу арқылы қозғалу	2
5	Бағытты өзгерту арқылы қозғалу	2
	ЖИЫНЫ:	10
2-тақырып. Шектеулі жүріп өтудегі жүргізу		
6	«Белгіленген орынға» тоқтау, бұрылу	2
7	Шектеулі жүріп өтуде маневр жасау	4
8	Күрделі маневр жасау	6
	ЖИЫНЫ:	12
	№1 бақылау сабағы	0,5
3-тақырып. Оқу бағыттары бойынша жүргізу		
9	Қозғалыстың қарқындылығы аз бағыттар бойынша жүргізу	18
10	Қозғалыстың қарқындылығы жоғары бағыттар бойынша жүргізу	22
	ЖИЫНЫ:	40
	№2 бақылау сабағы	0,5
4-тақырып. Автомобильді басқару дағдыларын жетілдіру		

11	Жолдың әртүрлі жағдайында автомобиль жүргізудің дағдыларын жетілдіру	15
	Емтихандар:	2
	БАРЛЫҒЫ:	80

## «D» санатындағы көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі бағдарлама Оқу жоспары

P/c №	Тақырыптар	Сағат саны		
		Барлығы	Оның ішінде	
			теориялық	практикалық ( зертханалық-практикалық )
1	Құрылымы және техникалық қызмет көрсету	60	36	24
2	Көлік құралдарын пайдалану және жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыру	20	20	
3	Жол қозғалысы ережелері	70	46	24
4	Көлік құралдарын басқару негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі	40	40	
5	Алғашқы медициналық көмек көрсету	14	6	8
	<b>ЖИЫНЫ</b>	<b>204</b>	<b>148</b>	<b>56</b>
	Консультациялар	4	4	
	Емтихандар:			
1	«Құрылымы және техникалық қызмет көрсету»	4	4	
2	«Жол қозғалысы қағидасы, көлік құралдарын басқару негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі»	4	4	
3	Автобус жүргізу*			
	Сынақтар:			
1	«Алғашқы медициналық көмек көрсету»	1	1	
2	«Көлік құралдарын пайдалану және жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыру»	1	1	
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>218</b>	<b>162</b>	<b>56</b>
	Автобус жүргізу**	20		

\* Автобус жүргізу жөніндегі емтихан жүргізуге бөлінген сағаттар есебінен өткізіледі.

\*\* Жүргізу оқу уақытынан тыс 20 сағат көлемінде жүргізіледі.

## «Құрылымы және техникалық қызмет көрсету» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы Тақырыптық жоспар

Р/с №	Тақырыптар мен тапсырмалар атауы	Сағат саны
1	Автобустарды жіктеу және оның жалпы құрылымы	2
2	Қозғалтқыш	2
3	Электр жабдықтары	2
4	Трансмиссия	2
5	Салмақ түсетін жүйесі	2
6	Автобустарды басқару жүйесі	2
7	Техникалық қызмет көрсету негіздері	
	- пайдалану материалдары және оларды жұмсау нормалары;	4
	- бөлшектердің ақаулары мен тозуы;	4
	- автобустардың техникалық жағдайын диагностикалау;	4
	- автобусты бақылап тексеру, күн сайын техникалық қызмет көрсету және кезекті бақылау;	4
	- № 1, № 2 техникалық қызмет көрсету және маусымдық қызмет көрсету;	4
	- еңбек қауіпсіздігі. Қоршаған ортаны қорғау	4
	БАРЛЫҒЫ:	36

## «Құрылым және техникалық қызмет көрсету» пәні бойынша зертханалық-практикалық сабақтың тақырыптық жоспары және бағдарламасы Тақырыптық жоспар

№	Тақырыптар	Сағат саны
1	Қривошипты-шатунды механизм	1
2	Газ тарату механизмі	1
3	Салқындату жүйесі	1
4	Майлау жүйесі	1
5	Карбюраторлы қозғалтқыштың қоректендіру жүйесі	1
6	Дизельді қозғалтқыштың қоректендіру жүйесі	1
7	Электрлі жабдық	1
8	Ілініс	1
9	Беріліс қорабы	1
10	Карданды білік және жетекші көпір	1
11	Жүріс бөлігі	1

12	Рульдік басқару	1
13	Тежегіш жүйесі	2
14	Қозғалтқышқа, салқындату және майлау жүйелеріне техникалық қызмет көрсету	1
15	Карбюраторлы қозғалтқыштың қоректендіру жүйесіне техникалық қызмет көрсету	1
16	Дизельді қозғалтқыштың қоректендіру жүйесіне техникалық қызмет көрсету	1
17	Электржабдығы құралдарына техникалық қызмет көрсету	1
18	Транмиссияға техникалық қызмет көрсету	1
19	Жүріс бөлігіне техникалық қызмет көрсету	1
20	Рульдік басқаруға техникалық қызмет көрсету	1
21	Тежегіш жүйесіне техникалық қызмет көрсету	2
22	Автобус шанағына техникалық қызмет көрсету	1
	ЖИЫНЫ:	24

**«Көлік құралдарын пайдалану мен жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыру» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы**  
**Тақырыптық жоспар**

Р/с №	Тақырыптар	Сағат саны
1	Жолаушы автокөлік кәсіпорындары, олардың құрылымы мен міндеттері	2
2	Жолаушы автокөлігінің техникалық-пайдаланушы көрсеткіштері	2
3	Желідегі автобустар жұмысына диспетчерлік басшылық ету	2
4	Қала және қала маңы бағыттарындағы автобустардың жұмысы	6
5	Жолаушы автокөлігіндегі тарифтер мен билет жүйесі	2
6	Бағытты таксилер мен Ведомстволық автобустар жұмысының ерекшеліктері	2
7	Автомобиль көлігінде еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі	2
8	Автобустарды пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғау	2
	ЖИЫНЫ:	20

## «Жол қозғалысы ережелері» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы Тақырыптық жоспар

P/c №	Сабақ бөлімдері мен сабақ тақырыптарының атаулары	Сағат саны		
		Барлығы	теориялық сабақ	практикалық сабақ
1-бөлім. Жолда жүру Ережелері				
1	Жалпы ережелер. Негізгі ұғымдар мен терминдер. Жүргізушілердің, жаяу жүргіншілердің және жолаушылардың міндеттері	2	2	
2	Жол белгілері	4	4	
3	Жол таңбалары және олардың сипаттамалары	2	2	
	1-3 тақырыптар бойынша практикалық сабақтар	6		6
4	Қозғалыс тәртібі. Көлік құралының аялдауы және тұрақтауы	6	6	
5	Жол қозғалысын реттеу 4-5 тақырыптар бойынша практикалық сабақтар	4 8	4	8
6	Жол қиылысынан өту	8	8	
7	Жаяу жүргіншілер өтетін жерден, бағыттағы көлік құралдарының аялдмасынан және теміржол өтпелерінен өту	4	4	
	6-7 тақырыптар бойынша практикалық сабақтар	10		10
8	Қозғалыстың ерекше шарттары	2	2	
9	Адамдар мен жүктерді тасымалдау	2	2	
10	Көлік құралдарының техникалық жай-күйі мен жабдықтары	2	2	
11	Нөмірлік, тану белгілері, ескерту белгілері, жазулар және белгіленулер	1	1	
2-бөлім. Жүргізушінің құқықтық жауапкершілігі				
12	Әкімшілік жауапкершілік	2	2	
13	Қылмыстық жауапкершілік	2	2	
14	Азаматтық жауапкершілік	2	2	
15	Табиғатты қорғаудың құқықтық негіздері	1	1	
16	Көлік құралына меншік құқығы	1	1	
17	Жүргізушіні және көлік құралын сақтандыру	1	1	

## «Көлік құралын басқару негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы Тақырыптық жоспар

Р/с №	Тақырыптардың атауы	Сағат саны
1	Көлік құралын басқару техникасы	4
2	Жол қозғалысы. Оның тиімділігі және қауіпсіздігі	4
3	Жүргізушінің кәсіби сенімділігі	2
4	Жүргізушінің психофизикалық және психикалық қасиеті	6
5	Көлік құралдарын пайдалану көрсеткіштері	2
6	Қозғалыстың штаттағы және штаттан тыс режимдегі (дағдарысты) жүргізушінің іс-әрекеттері	14
7	Жол жағдайы мен қозғалыс қауіпсіздігі	4
8	Жол-көлік оқиғалары	4
	БАРЛЫҒЫ:	40

## «Алғашқы медициналық көмек көрсету» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы Тақырыптық жоспар

Р/с №	Тақырыптарының атауы	Сағат саны		
		Барлығы	теориялық сабақтар	практикалық сабақтар
1	Адам анатомиясы және физиологиясы	0.5	0.5	
2	Жол-көлік жаракатының құрылымы. ЖКО кезінде жиі кездесетін зақымдар және оларды диагностикалау тәсілдері	0.5	0.5	
3	Механикалық және термиялық зақымдану кезінде өмірге қауіп төндіретін жай-күй	1	1	-
4	Авария кезіндегі психикалық реакциялар. Жіті психоз. Есеңгіреген күйдегі зардап шеккендерге көмек көрсету ерекшеліктері	1	1	
5	Термиялық зақымдану	1	1	
6	Жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендерге көмек көрсетудің ұйымдастыру-құқықтық аспектілері	1	1	
7	Өмірге қауіп төндіретін жіті терапиялық жай-күй	1	1	
	ЖКО-да зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету кезінде			

8	жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу, асфикцияны жою	2		2
9	Сыртқы қансырауды тоқтату	1		1
10	Көлік иммобилизациясы	2		2
11	Зардап шеккендерді машинадан босату, сыртқа шығару әдістері, оларды тасымалдау, көлікке салу	1		1
12	Жарақатты өңдеу, десмургия	1		1
13	Жеке дәрі қобдишасын пайдалану	1		1
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	14	6	8

## **«Автобусты жүргізу» пәнінің тақырыптық жоспары мен бағдарламасы**

### **Тақырыптық жоспар**

Р/с №	Тақырыптар мен тапсырмалар атауы	Сағат саны	
	1-тақырып. Тренажерда оқыту		
1	Автобустың басқару органдарымен, бақылау-өлшеу құралдары аспаптарымен және құрылғыларымен таныстыру. Басқару педальдарымен және тетіктерімен жұмыс жасау тәсілдеріне үйрету. Автобусты жұмысқа дайындау. Қозғалтқышты қосу және тоқтату	1	
	2-тақырып. Автодромда үйрету		
2	Үдету және азайту тәртібімен берілісті қосу арқылы тіке қозғалу. Тежеу әдістері	1	
3	Қозғалыстағы бұрылу және артқа бұрылу	1	
4	Артқа жүру арқылы қозғалу	2	
5	Қақпадан өту	1	
6	Берілген орында автобусты тоқтату	1	
	Бірінші бақылау сабағы	0,5	
	3-тақырып. Қозғалыс шартын біртіндеп күрделендіру арқылы жолда үйрету		
7	Автобусты қозғалыс қарқындылығы аз жолмен жүргізу	2	
8	Автобусты қарқынды қозғалысты жолмен жүргізу	3	
9	Буксирде қозғалу	1	
	Екінші бақылау сабағы	0,5	
10	Әртүрлі қалалық қозғалыс жағдайында жүргізу	4	
	Қорытынды бақылау сабағы	1	
	Емтихан	1	
	<b>ЖИЫНЫ</b>	<b>20</b>	



**«Е» санатындағы көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі бағдарлама «В» санатындағы көлік құралдарын жүргізушілерді «Е» санатына даярлаудың оқу жоспары**

Р/с №	Пәндер	Сағат саны
1	Құрылымы және техникалық қызмет көрсету	6
2	Көлік құралдарын басқару негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі	50
3	Тасымалдауды ұйымдастыру негіздері	10
	<b>ЖИЫНЫ:</b>	66
	Консультациялар	6
	Емтихан:	
	Құрылымы және техникалық қызмет ету	12
	Көлік құралдарын басқарудың негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі	12
	«Жүргізу»*	
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	96
	Жүргізу**	16

\* Емтихан жүргізуге бөлінетін сағат есебінен жүргізіледі.

\*\* Автопоездарды жүргізу оқу уақытынан тыс әрбір оқитынға 16 сағат көлемінде өткізіледі.

**«С» және «Д» санатындағы көлік құралдарын жүргізушілерді «Е» санатына даярлаудың оқу жоспары**

Р/с №	Пәндер	Сағат саны
1	Құрылымы және техникалық қызмет көрсету	18
2	Көлік құралдарын басқару негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі	50
